

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы N 6/6-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 30 шілдеде N 2621 тіркелді. Күші жойылды - Глубокое аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 сәуірдегі N 26/5-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Глубокое аудандық мәслихатының 21.04.2014 N 26/5-V (ресми бірінші жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Глубокое аудандық мәслихатының 20.05.2013 № 15/3-V (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5, 6, 7, 8, 9-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6–бабын, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының 1-тармағының 14)-тармақшасын басшылыққа алып, Глубокое аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Әлеуметтік көмек алу үшін мынадай санаттардағы жеке тұлғалар белгіленсін:

- 1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер;
- 2) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектеріне теңестірілген адамдар;
- 3) жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары;
- 4) «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгісімен марапатталған немесе бұрын «Батыр – ана» және 1,2 дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған аналар, сондай-ақ 4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалармен бірге тұратын көп балалы аналар, соның ішінде орта жалпы білім беру, күндізгі түрде жоғарғы

және орта кәсіптік оқу орындарында оқытындар, кәмелет жасқа толғанға дейін немесе оқу орындарын аяқтаған уақытқа дейін, бірақ 23 жасқа толғанға дейін
ғ а н а ;

5) саяси репрессияның құрбандары, сондай-ақ саяси репрессиядан зардап
ш е к к е н т ұ л ғ а л а р ;

6) ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды тәрбиелеп жатқан отбасылары
, 16 жасқа дейін мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп жатқан
о т б а с ы л а р ы ;

7) 18 жасқа дейінгі мүгедек-балалар;

8) жастары толған зейнеткерлер;

9) 1 және 2 - топтағы мүгедектер;

10) аз қамтылған отбасылары (азаматтар);

11) о р а л м а н д а р ;

12) онкологиялық аурулары бар және әртүрлі туберкулезбен ауыратын
а з а м а т т а р ;

13) табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан
з а р д а п ш е к к е н а з а м а т т а р .

2. Әлеуметтік көмек алу үшін тиісті құжаттардың тізбесі анықталсын:

1) әлеуметтік көмек көрсету туралы арыз;

2) жеке тұлғаны куәландыратын құжат;

3) тұрғылықты жері бойынша тіркеуді растайтын құжат (азаматтарды тіркеу
кітабы, мекенжай анықтамасы немесе кент және ауылдық округ әкімінің
а н ы қ т а м а с ы) ;

4) алынып тасталды - Глубокое аудандық мәслихатының 20.05.2013 № 15/3-V
ш е ш і м і м е н ;

5) арызданушының мәртебесін растайтын құжат;

6) отбасының табыстарын растайтын мәліметтер;

7) тиісті уәкілетті орган беретін, төтенше жағдай болғанын растайтын акт
н е м е с е б а с қ а д а құ ж а т ;

8) болатын немесе нақты қаржылық шығындарды растайтын құжаттар;

9) туберкулезбен ауыратындар үшін емделіп жатқаны туралы медициналық
м е к е м е д е н а н ы қ т а м а .

Құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері беріледі, салыстырған соң,
құжаттардың түпнұсқалары арызданушыға қайтарылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Глубокое аудандық мәслихатының
20.05.2013 № 15/3-V (жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

3. Осы шешім оның ресми бірінші жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 мамыры жағдайына

қатысты туындаған қатынастарға таратылады.

Сессия төрағасы

А. Коротков

мәслихатының хатшысы

Г л у б о к о е

а у д а н д ы қ

А. Баймульдинов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК